

**ҚХА және ӘГП кафедрасы жанындағы «Саналы ұрпақ» студенттік клубының
2025–2026 оқу жылының екінші жартыжылдығы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есебі**

№	Іс-шараның атауы	Ақпарат	Қатысушылар саны (адам).	Сілтеме , фото
		Ақпан 2026		
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы плакаттар көрмесі	2026 жылғы 20 ақпанда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Саналы ұрпақ» студенттік клубының бастамасымен «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету аясында студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы плакаттар көрмесі ұйымдастырылды. Көрме аясында 60-тан астам шығармашылық жұмыс келіп түсті. Университеттің барлық факультеттерінің студенттері белсенді қатысып, бұл жастардың академиялық адалдық, азаматтық жауапкершілік және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік мәселелеріне жоғары қызығушылық танытатынын көрсетті. Көрмеге студенттердің ең үздік 30 жұмысы қойылды. Жұмыстар дәстүрлі бейнелеу өнері түрлерін де, заманауи цифрлық құралдарды да қамтитын әртүрлі көркемдік техникада орындалған. Оның ішінде жасанды интеллект	2-3 курс студенттері (200 адам)	https://www.instagram.com/p/DVOIsJcDBbZ/?igsh=eXN5MXYzanp2MXA=  

		технологиялары қолданылған жұмыстар да бар. Ұсынылған плакаттар идеяларының бірегейлігімен, авторлық көзқарастың даралығымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптың терең ашылуымен ерекшеленеді.		
2	Конституциялық реформаға, референдумға және Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлының рухани мұрасына арналған дөңгелек үстел	2026 жылғы 17 ақпанда «ҚХА және ӘГП» кафедрасының оқытушылары «Саналы ұрпақ» клубымен бірлесіп, конституциялық реформаға, референдумға және Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи мен Абай Құнанбайұлының рухани мұрасына арналған дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараның спикері PhD докторы, қауымдастырылған профессор Сәрсенбеков Нұрсұлтан Жұмабекұлы болды. Іс-шараның мақсаты студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру болды. Баяндамашы өз сөзінде Абай мұрасының маңыздылығын атап өтіп, «Адал азамат» идеясын «Толық адам» тұжырымдамасымен байланыстыра қарастырды. Сонымен қатар	2-3 курс студенттері (200 адам)	https://www.instagram.com/reel/DU28UVAjRBf/?igsh=dzh2NjVsam9sc3Qz

		философиялық мұраның ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөліне ерекше назар аударылды. Іс-шара аясында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел қатысушылардың референдумның маңыздылығын терең түсінуіне және әрбір азаматтың ел болашағы үшін жеке жауапкершілігін сезінуіне ықпал етті.		
3	Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекет саясатының маңызды басымдығы <i>(«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы)</i>	2026 жылғы 25 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы, «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жетекшісі Қайырбек Меруерт Сәбитқызы ТСиЭАД-25-1 тобының бірінші курс студенттеріне арналған «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекет	Жетекшілік ететін 1-топ студенттері курс (20 адам)	https://www.instagram.com/reel/DVOIDJ4DAM-/?igsh=cWI5MTJkb2xuMjU1

	<i>тақырыбындағы кураторлық сағат</i>	саясатының маңызды басымдығы» тақырыбында («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы аясында) кураторлық сағат өткізді. Кураторлық сағаттың мақсаты студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру, құқықтық сауаттылығын арттыру және академиялық адалдық қағидаттарын түсіндіру болды. Іс-шара барысында студенттерге Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі ережелері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы ретіндегі мәні мен маңызы түсіндірілді. Ерекше назар келесі мәселелерге аударылды: • академиялық адалдықтың ұғымы мен қағидаттары; • білім алушылардың академиялық адалдық нормаларын сақтау жауапкершілігі; • сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру; • жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы рөлі. Студенттер талқылауға белсенді қатысып, білім беру үдерісінде		
--	--	--	--	--

		адалдық пен заңдылық қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын түсінетіндіктерін көрсетті. Өткізілген кураторлық сағат студенттердің құқықтық санасын арттыруға және жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті.		
Наурыз 2026				
4	«Адалдық сағаты»	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, түрлі мақсатты топтар деңгейлері бойынша декомпозицияланған, ағымдағы жылдың 12–19 наурызы аралығында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде 35-тармақ аясында «Адалдық сағатын» өткізу іс-шаралары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты — студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сананы дамыту, адалдық, шынайылық және әділеттілік қағидаттарын нығайту. Аталған кезеңде білім алушылар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы	2-3 курс студенттері (300 адам)	1. https://www.instagram.com/reel/DWF9bCJDHdG/?igsh=MWx3c3o0d3E1YTdsdA== 2. https://www.instagram.com/reel/DWF-2j4DAB/?igsh=NWx5em15dWpsYWFp 3. https://www.instagram.com/reel/DWF9bCJDHdG/?igsh=MWx3c3o0d3E1YTdsdA== 4. https://www.instagram.com/reel/DWF-a1-jBaY/?igsh=MWV6ejk2MHQ3amowcQ==  

бағыттағы дәрістер мен тақырыптық кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шаралар барысында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу, сыбайлас жемқорлық көріністеріне «нөлдік төзімділік» қағидатын қалыптастыру, жастардың заңнаманы сақтау бойынша жеке жауапкершілігін арттыру мәселелері талқыланды.

«Адалдық сағатын» кафедра оқытушылары өткізді:

- Жуматова Гульзат Мухаметкаримовна
- Толеуова Маржан Омибековна
- Қайырбек Меруерт Сәбитқызы

Кездесулер барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі қағидаттары, әділетті және құқықтық мемлекет қалыптастырудағы жастардың рөлі, сондай-ақ күнделікті өмірдегі жеке үлгі мен моральдық құндылықтардың маңыздылығы қарастырылды.

Студенттер талқылауға белсенді қатысып, білім беру ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Өткізілген іс-шаралар білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және адал мінез-құлыққа



		тұрақты көзқарас қалыптастыруға ықпал етті. «Адалдық сағаты» іс-шарасы белгіленген мерзімде және іс-шаралар Жоспарына толық сәйкес өткізілді. Қойылған мақсаттар толық орындалды.		
Сәуір 2026				
5	«Жастар және құқық: болашаққа көзқарас» тақырыбындағы дөңгелек үстел	Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту аясында 2026 жылғы 31 наурызда «Жастар және құқық: болашаққа көзқарас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның ұйымдастырушысы — «Саналы ұрпақ» студенттік клубы. Дөңгелек үстелді өткізудің мақсаты — жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, белсенді азаматтық ұстанымды дамыту, сондай-ақ студенттердің құқық мәселелері	3 курс студенттері (25 адам)	https://www.instagram.com/reel/DXHZf-PDAT2/?igsh=Y3c wd3g1a29hYXU3 

		бойынша дербес ойлау деңгейін арттыру болды. Дөңгелек үстел жұмысына университеттің 25 студенті қатысты. Іс-шараның ерекшелігі — студенттердің өздері спикер және пікірталас модераторы ретінде қатысуы болды. Қатысушылар өзекті құқықтық мәселелерді көтеріп, түрлі жағдайларды талдап, ашық пікірталас форматында өз көзқарастарын дәлелдеп ұсынды. Талқылау барысында құқықтық жауапкершілік, заңдылықты сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сондай-ақ жастардың құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі мәселелері қарастырылды. Дөңгелек үстел өткізу студенттердің сыни ойлау дағдыларын, пікірталас жүргізу қабілетін, өз ұстанымын дәлелдеу және негізделген шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Іс-шара қорытындысы бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізілгені, ал таңдалған формат студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту және жастарды өзекті құқықтық мәселелерді талқылауға тарту тұрғысынан тиімді екені атап өтілді.		
6	«Менің қауіпсіз қалам» онлайн	«Заң мен тәртіп» идеологиясын іске асыру аясында, сондай-ақ құқықтық	2 курс студенті	Челлендж бейне форматта өткізілгендіктен, фотоматериалдар қарастырылмаған

	челленджі студенттік ұйымдармен әлеуметтік әріптестік бағдарламасын іске асыру және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту аясында	мәдениет қағидаттарын ілгерілету және жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру мақсатында «Саналы ұрпақ» студенттік клубының белсенділері «Менің қауіпсіз қалам» онлайн-челленджіне қатысты. Челлендж студенттік ұйымдармен әлеуметтік әріптестік бағдарламасын іске асыру және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту аясында жүзеге асырылды. Бастама Қарағанды индустриялық университетінің «Саналы ұрпақ» студенттік клубына беріліп, бұл жоғары оқу орындары арасындағы өзара байланысты кеңейтуге және жастар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті. Іс-шараның мақсаты — студенттердің қала қауіпсіздігі үшін жауапкершілігін қалыптастыру, құқықтық мәдениетті дамыту және жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру. Міндеттері: • жастар арасында заңдылық пен құқықтық тәртіп идеяларын насихаттау; • креативті ойлау мен азаматтық жауапкершілікті дамыту; • студенттерді әлеуметтік маңызы бар бастамаларға тарту;	СТСС-24-1 және Рэт-24-1 топтары (10 адам)	https://www.instagram.com/reel/DXazk3wjM2N/?igsh=MWFld25raWQyZnlrNQ==
--	---	---	--	--

		• студенттік ұйымдар арасындағы өзара байланысты нығайту. Онлайн-челлендж цифрлық форматта өтті, онда қатысушылар қауіпсіз қала туралы өз көзқарастарын және оны дамытудағы жастардың рөлін көрсететін бейнематериалдар, посттар және креативті идеяларын ұсынды.		
7	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбындағы үздік әлеуметтік ролик байқауы	Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар аясында А. Сағынов атындағы ҚарТУ Жастар саясаты департаменті «Саналы ұрпақ» студенттік клубымен бірлесіп «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбындағы үздік әлеуметтік бейнеролик байқауын ұйымдастырып, өткізді. Байқаудың мақсаты — студенттердің құқықтық санасын арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне теріс көзқарас қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар медиаконтент жасау арқылы жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту. Байқауға жұмыстарды қабылдау 2026 жылғы 9–20 сәуір аралығында жүзеге асырылды. Байқауға университеттің әртүрлі факультеттерінің студенттері қатысты. Конкурс комиссиясының қарауына сыбайлас жемқорлық мәселесіне, оның салдары мен оған	2-3 курс студенттері (96 адам)	https://www.instagram.com/reel/DXg0b3rjbUY/?igsh=dDI5eHvIOWFqNnBj 

қарсы іс-қимыл жолдарына қатысты авторлық көзқарасты көрсететін 10 бейнеролик ұсынылды.

Барлық ұсынылған жұмыстар креативтілігімен, мазмұнының өзектілігімен және әлеуметтік бағыттылығымен ерекшеленді. Қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптың маңыздылығын жоғары деңгейде түсінетінін және белсенді қатысқанын көрсетті.

Байқау комиссиясының бағалау қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

- 1 орын – Тау-кен факультетінің студенттері;
- 2 орын – Инновациялық технологиялар факультетінің студенттері;
- 3 орын – Инновациялық технологиялар факультетінің студенттері.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау салтанатты рәсімі 2026 жылғы 24 сәуірде өтті. Қатысушылар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Аталған байқау студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды нығайтуға, азаматтық жауапкершілік пен белсенді өмірлік ұстанымды дамытуға ықпал етті.



Мамыр 2026				
8	«Адалдық – қоғам дамуының негізі» тақырыбындағы үздік эссе байқауы	«Саналы ұрпақ» студенттік клубы ҚХА және ӘГП кафедрасы жанындағы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ-тың Жастар істері жөніндегі департаментімен бірлесіп «Адалдық – қоғам дамуының негізі» («Честность — основа развития общества») тақырыбында эссе байқауын ұйымдастырып, өткізді. Байқаудың мақсаты — жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті дамыту және студенттер арасында академиялық адалдық қағидаттарын нығайту. Конкурсқа жұмыстарды қабылдау 2026 жылғы 27 сәуір мен 8 мамыр аралығында жүзеге асырылды. Байқауға университеттің әртүрлі факультеттерінің 1–3 курс студенттері қатысты. Байқауға қазақ және орыс тілдерінде барлығы 25 жұмыс келіп түсті. Қатысушылар өз эсселерінде адалдық, әділеттілік, азаматтық ұстаным, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жастардың құқықтық қоғам құрудағы рөлі мәселелерін ашып көрсетті.	1- 3 курс студенті (25 адам)	https://www.instagram.com/reel/DYjcoHAIWAW/?igsh=OWZxbXl2bGV6dHZy 

Конкурс комиссиясының қорытындысы бойынша 15 үздік жұмыс іріктеліп алынды.

Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2026 жылғы 18 мамырда өтті.

Жеңімпаздар:

Қазақ тіліндегі жұмыстар бойынша:

1 орын — Қуанов Данияр, НД-24-1 тобы, жетекшісі Есендосова Айнель Нуртасовна;

2 орын — Акпаева Аружан Канатовна, АРХ-24-3 тобы, жетекшісі Жуматова Гульзат Мухаметкаримовна;

3 орын — Шаймерден Шахкәрім Елкейұлы, БТ-24-1 тобы, жетекшісі Құрымбаева Саягул Каниевна.

Орыс тіліндегі жұмыстар бойынша:

1 орын — Алдабергенова Еркеназ, ЦТМ-25-1 тобы, жетекшісі Тимохтна Татьяна Владимировна;

2 орын — Альшинбаева Раяна Нурболовна, С-25-1 тобы, жетекшісі Рожкова Анастасия Андреевна;

3 орын — Аман Ақниет Бақытжанқызы, ГПР-25-1 тобы, жетекшісі Кишинева Айнур Юсуповна.

Алғыс хаттармен марапатталған студенттер:

Бекет Ыбырай Біржанұлы,
Айтанов Ерназ Абаевич,



		Боранкул Ерасыл, Марал Адина, Закирия Абсамет Садықұлы, Шаймерден Б. Б., Абдразах Арайлым Нурбекқызы, Куралбекова Сабина Бауыржановна, Марлан Нурали Азаматович. Өткізілген конкурс студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, құқықтық сананы дамытуға және жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етті.		
9	«Саналы ұрпақ» студенттік клубы қатысушыларының слёті	2026 жылғы 6 мамырда Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Саналы ұрпақ» студенттік клубының слёті өтті. Іс-шараның мақсаты — клуб қызметінің қорытындыларын шығару, студенттердің азаматтық белсенділігін дамыту, сондай-ақ жастар арасында академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қағидаттарын нығайту болды. Слёт барысында клубтардың жылдық жұмысының нәтижелері, белсенділердің жетістіктері, жүзеге асырылған іс-шаралар мен бастамалар қарастырылды. Қатысушылар пікірталас алаңына қатысып, клуб қызметінің өзекті мәселелерін	«Саналы ұрпақ» студенттік клубының 1-3 курс белсенділері (100 адам)	https://www.instagram.com/reel/DYg80vCs4R- /?igsh=bGtrMG5kZHhqNHRt

талқылап, жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша өз ойлары мен ұсыныстарымен бөлісті.

Слёт қорытындысы бойынша «Саналы ұрпақ» студенттік клубының қызмет нәтижелері шығарылып, келесі оқу кезеңіне арналған негізгі бағыттар мен перспективалық міндеттер айқындалды.

Іс-шара аясында қоғамдық қызметте және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды іске асыруда белсенділік танытқан студенттерді марапаттау рәсімі өтті.

Өткізілген слёт жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға, студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуға және студенттік ортада адалдық, әділеттілік және әлеуметтік белсенділік құндылықтарын нығайтуға ықпал етті.

